

Паспорт образовательной программы

Дата регистрации в Реестре

2022.06.28 15:51

Регистрационный номер

15518

Дата обновления паспорта ОП:

2022.06.28 15:52

Код и наименование специальности:

01140600 Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі

Код и наименование квалификации/квалификаций:

4S01140601 Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Регион:

Қарағанды облысы

Организация ТипПО (Разработчик):

" Қарағанды " Bolashaq" жоғарғы колледжі" ЖММ

Партнеры-разработчики:

" №27 ЖББМ" КММ

Цель ОП:

Тіл мен әдебиет саласында жүйелі білім қалыптастыра алатын, оқу үрдісін заманауи талаптарға сәйкес деңгейде ұйымдастыру қабілетіне ие, жалпымәдени және кәсіби құзыреттіліктерді меңгерген бәсекеге қабілетті қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімін даярлау

Уровень по НРК:

4

Уровень по ОРК:

4

Профессиональный стандарт (при наличии):

" Педагог" Қазақстан Республикасы "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
08.06.2017 ж. №133 бұйрығының қосымшасы

Профессиональный стандарт WorldSkills (при наличии):

жоқ

Форма обучения:

күндізгі

База образования:

негізгі орта білім

Язык обучения:

мемлекеттік

Общий объем кредитов:

240

Дата рассмотрения ОП на методическом (учебно-методическом/научно-методическом) совете организации образования об одобрении паспорта ОП (выписка из протокола заседания) с согласованием работодателя и/или индустриального совета:

08.04.2022 ж.

Номер лицензии на занятие образовательной деятельностью:

KZ73LAA00013922

Номер приложения к лицензии на занятие образовательной деятельностью:

032

Дата прохождения специализированной аккредитации по данной специальности (при наличии):

10.12.2018 ж.

Отличительные особенности ОП:

-

Сведения о содержании модулей/дисциплин:

| № модуля/дисциплины | Наименование | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---------------------|-------------------|--|----------------------|
| | ЖБП 1. Математика | Қазіргі замандағы қоғамда өзін еркін сезінуге адамға қажетті ойлау қасиеттерін қалыптастыру арқылы білім алушылардың зияткерлік деңгейін дамыту, практикалық іс-әрекеттерде қолдануда, басқа пәндерді үйренуде, білім алуды жалғастыруда қажетті математикалық білімді меңгеру. 12 бөлім қарастырылған. Олар: «Функция, оның қасиеттері және графигі», «Тригонометриялық функциялар», «Математикалық статистика және ықтималдықтар теориясы», «Дәреже мен түбір. Дәрежелік функция», «Көрсеткіштік және логорифмдік функциялар», «Туынды және оның қолданылуы», «Алғашқы функция және интеграл», «Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі параллельдік және | 5 |

| Наименование № модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|-------------------------------------|--|-------------------------|
| | перпендикулярлық», «Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі және векторлар», «Көпжақтар», «Айналу денелері және олардың элементтері», «Денелер көлемдері». | |
| ЖБП 2. Информатика | " Информатика" пәнінің оқу мақсаты білім алушылардың оқуы мен жұмысында компьютерлік технологияларды пайдалану дағдыларын қамтамасыз ету болып табылады. Білім алушыларға пайдалану үшін ең жақсы қосымшаларды анықтау барысында саналы түрде таңдау жасау мүмкіндігі берілуі керек. Бағдарламаның басты мақсаты білім алушыларға ақпараттық технологияларды пайдалану саласында терең білім беруді және бағдарламалық құралдар ғылыми, коммерциялық, инженерлік және мәдени дамуды қолдау үшін пайдаланылатынын түсіндіруді қамтамасыз ету болып табылады. Қоғамдық-гуманитарлық бағытқа арналған информатика пәнінің үлгілік бағдарламасында 4 бөлім қарастырылған: «Компьютерлік жүйелер», «Ақпараттық нысандарды құру және түрлендіру», «Ақпараттық процестер және жүйелер», «Қосымшаны құру». | 3 |
| ЖБП 3. Қазақ тілі | Ана тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, сондай-ақ қазақ әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету. Пән сабақтастықты көрсететін төрт бөлімнен тұрады: | 4 |

| Наименование № модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|-------------------------------------|--|-------------------------|
| | "Тыңдалым және айтылым", "Оқылым", "Жазылым", "Әдеби тіл нормасы". | |
| ЖБП 4. Қазақ әдебиет | Білім алушыларды креативті ойлауға бағыттау. Олардың ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру. Білім алушылар әдеби жанрларға эксперимент жасау арқылы драмалық шығарманы проза тілімен, прозаны поэзия тілімен жазу тәсілдерін меңгере алады. Пән келесі бөлімдерді құрайды: "Қалың елім, қазағым"; "Прозадағы көркем ой"; "Аңызбен өрілген көркем сөз"; "Заман, дәуір тұлғасы"; "Тарихтың шертіп пернесін"; "Пайым мен парасат"; "Ғасырлық туынды"; "Әдебиеттегі сан сарын". | 4 |
| ЖБП 5. Орыс тілі және әдебиет | Өмірдің әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық, оқу-кәсіби салаларында қарым-қатынас жасау үшін қажетті тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу дағдыларын дамытуға; оқу және болашақ кәсіби қызметте сәтті ситуациялық-сөйлеу мінез- құлқын қалыптастыруға; әртүрлі ақпарат көздері мен заманауи ақпараттық технологияларды қолдана білуді дамытуға ықпал етеді өз пікірін білдіру және негіздеу үшін қажет. Грамматикалық материал лексикалық тақырыптар контекстінде көркем шығармалардың мәтіндері негізінде зерттеледі. | 5 |
| ЖБП 6. Шетел тілі | Бұл пән шет тілінде сөйлеу, оқу, | 4 |

| Наименование № модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|-------------------------------------|--|-------------------------|
| | <p>жазу және тыңдау дағдыларын дамытуға, қарым-қатынас жасау үшін тілді тиімді қолдана білуге, жеке, іскери хат алмасу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Бөлімдерді қамтиды: "Тыңдау және сөйлеу", "Оқу", "Жазылым", "Сөйлеу нормаларын сақтау".</p> | |
| ЖБП 7. Қазақстан тарихы | <p>Оқу пәнінің мазмұны білім алушыларға әртүрлі тарихи кезеңдердегі Қазақстанның әлемдік тарихи процестегі орны мен рөлін анықтай отырып, этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жолдарының негізгі ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді. Көрсетілген бөлімдер оқытылады: "Өркениет: даму ерекшеліктері". "Этникалық және әлеуметтік процестер", "Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан", "Мәдениеттің дамуы", "Өркениет: даму ерекшеліктері", "Саяси-құқықтық процестер", "Қоғамдық-саяси ойдың дамуы", "Білім мен ғылымның дамуы".</p> | 4 |
| ЖБП 8. Өзін-өзі тану | <p>Әрбір білім алушының өзінің рухани-адамгершілік табиғаты мен шығармашылық әлеуетін ашуға; әрбір адамның табиғатына тән жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтауға; позитивті ойлауды дамытуға, жақсылық пен жамандықтың, мәңгілік және уақытша арасындағы айырмашылықты терең ой елегінен өткізуге және ажыратуға; адамзаттың рухани мұрасымен танысу арқылы білім алушылардың ішкі әлемін байытуға ықпал етеді. Таным</p> | 2 |

| Наименование № модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|--|--|-------------------------|
| | жолында келесі бөлімдер қарастырылған: "Тұлғаның қалыптасуы", "Қоғамдағы өмір", "Таным жолында", "Адамзат әлемі". | |
| ЖБП 9. Дене тәрбиесі | Білім алушыларды жеке және жас ерекшеліктерін ескере отыра, өз физикалық және психикалық денсаулықтарын нығайтуға ынталандыру, бойда қалыптасқан арнайы спорттық дағдылар мен сапаларды қолданып, сол арқылы олардың дене қабілеттерінің дамуларына ықпал ету. Келесі бөлімдер қарастырылған: "Дене шынықтыру туралы білім", "Дене тәрбиесі құралдары", "Гимнастика", "Ұлттық спорт түрлері", "Қысқы спорт түрлері". | 6 |
| ЖБП 10. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық | Білім алушыға мемлекетті қорғау негіздері туралы ойының қалыптасуын, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің арналуын және түрлері мен ерекшеліктерін түсіндіру, әскери қызметтің маңызын, Қазақстан Республикасының әр азаматының қасиетті парызы және міндетін оқыту. Келесі бөлімлер оқытылады: "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі", "Әскери қызметтің құқықтық негіздері", "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары", "Тактикалық дайындық", "Атыс дайындығы", "Саптық дайындық", "Әскери топография", "Әскери роботты техникалардың негіздері", "Өмір | 4 |

| Наименование № модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|-------------------------------------|---|-------------------------|
| | қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері", "Технологиялық дайындық". | |
| ЖБП 11. География | Білім алушылардың қоғам мен географиялық кеңістіктің барлық деңгейлерінде туындаған геоэкологиялық, геоэкономикалық, әлеуметтік, геосаяси және ғаламдық проблемаларды шешуге бағытталған географиялық білімдерін, біліктері мен дағдыларын қолдану үшін жағдай жасау. Пән бойынша 7 бөлім қарастырылған. Олар: «Географиялық зерттеу әдістері», «Картография және геоинформатика», «Табиғатты пайдалану және геоэкология», «Геоэкономика», «Геосаясат», «Елтану», «Адамзаттың ғаламдық проблемалары». | 5 |
| ЖБП 12. Дүниежүзі тарихы | Оқу пәнінің мазмұны білім алушылардың түрлі тарихи кезеңдердегі әлем тарихының этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының негізгі мәселелерін түсінуін көздейді. Оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: "Өркениет: даму ерекшеліктері", "Этникалық және әлеуметтік процестер", "Мемлекет тарихынан, соғыстар мен төңкерістерден", "Мәдениет", "Саяси-құқықтық процестер", "Қоғамдық-саяси ойдың дамуы", "Білім мен ғылымды дамыту". | 5 |
| ЖБП 13. Физика | Білім алушылардың әлемнің заманауи физикалық бейнесінің негізінде жатқан заңдылықтар мен принциптер туралы іргелі білімді, | 3 |

| Наименование № модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|--|--|-------------------------|
| | табиғатты танудың ғылыми әдістерді меңгеруіне ықпал ету. Пән бойынша 9 бөлім қарастырылған: «Механика», «Молекулалық физика», «Электр және магнетизм», «Тербелістер», «Толқындар», «Оптика», «Кванттық физика», «Нанотехнология және наноматериалдар», «Космология». | |
| ЖБП 14. Химия | Практикалық-бағдарланған білімді, химия ғылымының тұжырымдамаларын, теориялары мен заңдарын меңгеруге; табиғатта, зертханада, өндірісте және күнделікті өмірде болып жатқан химиялық құбылыстарды бақылау және түсіндіру біліктерін меңгеруге; қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтай отырып, практикалық сабақтарда заттармен және зертханалық жабдықтармен жұмыс істеу біліктерін дамытуға ықпал етеді; заттардың химиялық құбылыстары мен қасиеттерін түсіндіру, оларды тұрмыста, ауыл шаруашылығында және өндірісте қауіпсіз пайдалану, адам денсаулығы мен қоршаған ортаға зиян келтіретін құбылыстардың алдын алу бойынша білімді дамыту. Қарастырылған бөлімдер: "Зат бөлшектері", "Кезеңділік. Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары", "Химиялық реакциялардың энергиясы", "Біздің айналамыздағы химия", "Химия және өмір". | 3 |
| БМ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру | ОН 1.1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидадарын сақтау. | 3 |

| Наименование № модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|--|-------------------------|
| | ОН 1.2. Дене қасиеттері мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру. | 3 |
| БМ 2. Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану | ОН 2.1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру. | 0.5 |
| | ОН 2.2. Ақпараттық-анықтамалық және интерактивті веб-порталдардың қызметтерін пайдалану. | 0.5 |
| БМ 3. Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негіздерін қолдану | ОН 3.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру. | 0.5 |
| | ОН 3.2. Микро- және макроэкономикалық процестерді сипаттау. | 0.5 |
| | ОН 3.3. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін меңгеру. | 1 |
| БМ 4. Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану | ОН 4.1. Төзімді және белсенді жеке ұстанымды қалыптастыратын моральдық-адамгершілік құндылықтар мен нормаларды түсіну. | 2 |
| | ОН 4.2. Әлемдік өркениеттегі Қазақстан Республикасы халықтары мәдениетінің рөлі мен орнын түсіну. | 2 |
| | ОН 4.3. Құқықтың негізгі салалары туралы мәліметтерді меңгеру. | 1 |
| | ОН 4.4. Әлеуметтану мен саясаттанудың негізгі түсініктерін меңгеру. | 2 |
| КМ 1. Білім алушылардың оқу қызметінің моделін құру | ОН 1.1. Кәсіби қызметте негізгі орта білім берудегі педагогикасы мен қазақ тілі мен әдебиеті | 10 |

| Наименование № модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|-------------------------|
| | әдістемесінің теориялық және практикалық негіздерін қолдану. | |
| | ОН 1.2. Жас ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың жағдайының психологиялық жағдайларын сипаттау. | 5 |
| | ОН 1.3. Жаңа педагогикалық технологияларды қолдана отырып сабақтарды жоспарлау және өткізу. | 2 |
| | О.Н 1.4. Анатомия негіздерін, мектеп жасындағы балалардың физиологиялық ерекшеліктерін, мектеп гигиенасын сақтау ережелерін білу | 1 |
| КМ 2. Ұйымдастырушылық, әдістемелік және техникалық жағдайларды жобалау | ОН 2.1. Оқушылармен тәрбие жұмысын жоспарлау кезінде тәрбие әдістерін, формаларын, тәсілдерін, құралдарын пайдалану. | 1 |
| | ОН 2.2. Оқушылармен, ұжыммен және ата-аналармен қарым-қатынас кезінде педагогикалық шеберлік техникасын дамыту. | 1 |
| | ОН 2.3. Кәсіби қызметте тиімді психологиялық-педагогикалық, оның ішінде инклюзивті технологияларды пайдалану. | 2 |
| | ОН 2.4. Сыныптан тыс тәрбие жұмысының әдістерін, құралдарын, нысандарын қолдану. | 9 |
| | ОН 2.5. Жазғы сауықтыру лагерлерінде әр түрлі жастағы балалармен жұмыс жасауда балалар ұжымдарының қызметін ұйымдастырудың әр түрлі нысандары мен әдістерін, психологиялық-педагогикалық диагностика әдістерін қолдану. | 6 |
| КМ 3. Оқу ақпаратын тарату | ОН 3.1. Фольклорлық және әдеби мәтіндердің әртүрлі жанрларын қолдану. | 4 |

| Наименование № модуля/дисциплины | Результаты обучения/Краткое описание дисциплины | Объем кредитов/часов |
|---|---|-------------------------|
| | ОН 3.2. Тіл білімінің негізгі тұжырымдамаларын, принциптерін, теориялары мен фактілерін қолдану. | 1 |
| | ОН 3.3. Қазақ тілінің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, стилистикалық нормаларын меңгеру. | 8 |
| | ОН 3.4. Морфологиялық және синтаксистік талдау дағдыларын қалыптастыру. | 6 |
| | ОН 3.5. Қазіргі қазақ әдебиеті, шетел және қазақ әдебиеті жазушыларының шығармаларына көркем талдау жүргізу. | 16 |
| | ОН 3.6. Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарын жүргізу. | 72 |
| КМ 4. Білім алушылардың білім мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау | ОН 4.1. Критериалды бағалаудың қағидаттарын, тәсілдері мен тетіктерін қолдану. | 0.5 |
| | ОН 4.2. Білім алушылардың оқу жетістіктерін мониторингтеу қағидаттарын, тәсілдерін және тетіктерін қолдану. | 0.5 |
| | ОН 4.3. Бағалау құралдарын әзірлеу және енгізу. | 0.5 |
| | ОН 4.4. Ғылыми жетістіктер мен зерттеу нәтижелері негізінде педагогикалық қызметті жобалау. | 0.5 |
| КМ 5. Кәсіби қоғамдастықпен және білім берудің барлық мүдделі тараптарымен өзара қызмет жасау | ОН 5.1. Педагогикалық процестің барлық қатысушыларының субъективтінің-субъект өзара әрекеттесуін ұйымдастыру арқылы оқу процесін басқару технологиясын қолдану. | 1 |
| | ОН 5.2. Сынып және әдістемелік бірлестік шеңберінде кәсіби диалогтарға қатысу. | 1 |
| | ОН 5.3. Тұлғааралық және мәдениетаралық өзара іс- | 1 |

| Наименование | | Результаты | Объем |
|--|---|---|-----------------------|
| № модуля/дисциплины | обучения/Краткое описание дисциплины | обучения/Краткое описание дисциплины | кредитов/часов |
| | | әрекеттегі этникалық мәселелерді талдауға және шешуге деген тұтас көзқарасты қолдану. | |
| КМ 6. Мемлекеттік тілде оқымайтын мектептерде қазақ тілі мен әдебиетін оқыту | ОН. 6.1. Мемлекеттік тілде оқымайтын мектептерде қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың ерекшеліктерін білу. | 2 | |
| | ОН 6.2. Мемлекеттік тілде оқымайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарын жоспарлау. | 1 | |
| Аралық. қорытынды аттестаттау | - | 15 | |